

Толганай Мустафина¹, Фарида Мусатаева², Талгат Калиев³

¹ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
«Философия» кафедрасының доцент м.а., PhD

e-mail: mustafina_tv@bk.ru

[https://orcid.org/ 0000-0002-1314-9686](https://orcid.org/0000-0002-1314-9686)

² «Конфликтологтар қауымдастығы» ҚБ,
жобалар үйлестірушісі, PhD

e-mail: f.mussatayeva@mail.ru

[https://orcid.org/ 0000-0003-1326-2141](https://orcid.org/0000-0003-1326-2141)

³ Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының
директоры, саясаттану ғылымдарының кандидаты

e-mail: talgat.kaliyev@gmail.com

[https://orcid.org/ 0009-0007-2058-7813](https://orcid.org/0009-0007-2058-7813)

(Астана, Қазақстан)

ҚОҒАМ ГУМАНИЗАЦИЯСЫ МЕН ПЕНИТЕНЦИАРЛЫ ЖҮЙЕНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Андатпа. Мақалада Қазақстанның пенитенциарлы жүйесінің гуманизациясы халықаралық тәжірибе негізінде қарастырылады. Жазалау феномені Фуко мен Агамбен идеялары тұрғысынан зерделеніп, пенитенциарлы жүйе әділеттілік пен гуманизмді бейнелейтін әлеуметтік институт ретінде сипатталады. Авторлар «Мандела ережелері» мен отандық заңнамаларды саралай отырып, ресоциализация, реабилитация бағдарламаларының, соның ішінде «Түрмедегі философия» секілді бастамалардың тиімділігіне назар аударады.

Зерттеудің эмпирикалық бөлімі Қазақстандағы түзету мекемелеріндегі жазасын өтеп жүрген азаматтар тарапынан қазіргі кездегі түзеу тәжірибесін қабылдауын анықтайтын сауалнаманы қамтиды.

Авторлар пенитенциарлы жүйенің гуманизациясына мемлекеттік құрылымдармен қатар, тәуелсіз сарапшылар, қоғамдық қайраткерлер ретінде азаматтық қоғамның белсенді қатысуы маңызды деген тұжырымға келеді. Сотталған азаматтар арасында сыни ойлау дағдыларын дамытатын бағдарлама енгізу бойынша ұсыныс беріледі. Мұндай бағдарлама сотталған азаматтардың реинтеграциясына ықпалдасып, пенитенциарлы жүйе гуманизациясы арқылы жалпы қоғамның құндылықтық тұрғыда трансформациясына жағымды әсер ете алады.

Түйін сөздер: пенитенциарлы жүйе, қылмыстық-атқару жүйесі, жазалау, бақылау, түзету мекемесі, ресоциализация, гуманизация.

Толганай Мустафина, Фарида Мусатаева, Талгат Калиев ВЗАИМОСВЯЗЬ ГУМАНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВА И ПЕНИТЕНЦИАРНОЙ СИСТЕМЫ

Аннотация. В статье рассматривается гуманизация пенитенциарной системы Казахстана на основе международного опыта. Феномен наказания анализируется с позиций идей Фуко и Агамбена, а сама пенитенциарная система описывается как социальный институт, отражающий справедливость и гуманизм. Авторы, исследуя «Правила Манделы» и отечественное законодательство, акцентируют внимание на эффективности программ ресоциализации и реабилитации, включая инициативу «Философия в тюрьме».

Эмпирическая часть исследования включает опрос осуждённых в казахстанских исправительных учреждений, выявляющий их восприятие современных исправительных практик.

Авторы приходят к выводу, что гуманизация пенитенциарной системы требует участия не только государственных структур, но и независимых экспертов, общественных активистов и самого гражданского общества. Предложено внедрение образовательных инициатив, направленных на развитие критического мышления у осуждённых, что может способствовать их успешной реинтеграции в общество.

Ключевые слова: пенитенциарная система, уголовно-исполнительная система, наказание, контроль, исправительное учреждение, ресоциализация, гуманизация.

Tolganay Mustafina, Farida Mussatayeva, Talgat Kaliyev THE INTERCONNECTION BETWEEN SOCIETAL HUMANIZATION AND THE PENITENTIARY SYSTEM

Abstract. The article examines the humanization of Kazakhstan's penitentiary system based on international experience. The phenomenon of punishment is analyzed through the lens of Foucault and Agamben's ideas, and the penitentiary system is described as a social institution reflecting justice and humanism. The authors, by studying the «Mandela Rules» and domestic legislation, focus on the effectiveness of resocialization and rehabilitation programs, including initiatives such as «Philosophy in Prison».

The empirical part of the research incorporates a survey of inmates in Kazakh correctional facilities, assessing their perception of contemporary rehabilitation practices.

The study concludes that humanizing the penitentiary system requires active participation not only from state structures but also independent experts, civil activists, and broader civil society. The authors propose implementing educational programs to develop critical thinking skills among convicts. Such initiatives could facilitate successful reintegration and contribute to

positive value-based transformation of society through penitentiary system humanization.

Keywords: *penitentiary system, criminal-executive system, punishment, control, correctional institution, resocialization, humanization.*

Кіріспе

Пенитенциарлы жүйе қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, тұрақтылығы мен даму мүмкіндіктерін көрсететін қоғамдық өмірдің маңызды арнасы. Бұл жүйенің негізгі институты – түрме. Түрмеде әділеттілік, ашықтық сияқты құндылықтар барынша пысықталады. Философиялық тұрғыда түрме институты Мишель Фуко мен Джорджо Агамбеннің еңбектерінде терең зерделенді. Фуко түрме қызметін билік пен дисциплина механизмдері тұрғысынан талдаса [1], Агамбен «homo sacer» концептісі арқылы түрмедегі «ішінара адам» феноменін бағамдайды [2]. Расымен, түрме деген – құқық, этика, әлеуметтік саясат мәселелері тоғысатын күрделі орта екендігімен келісеміз.

Түрме мен пенитенциарлы жүйенің деңгейі – қоғамның айнасы. Соңғы жылдары бұл жүйені гуманизациялау жаһандық және қазақстандық тәжірибеде маңызды тақырыпқа айналды. Бір жағынан, түрме қауіпсіздікті қамтамасыз етсе, екінші жағынан, ондағы адамдар да қоғам мүшелері. Осы орайда «Мандела ережелері» секілді халықаралық құжаттар негізінде сотталғандарға адамгершілікпен қарау мәселесі маңызды бағытқа айналып келеді [3]. Қазақстан да бірнеше жылдан бері бұл құжатты өзінің құқықтық жүйесіне енгізді.

Кеңестік кезеңнен кейін Қазақстанда ауқымды түзету мекемелері желісі сақталғандықтан, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ел түрмеге қамалғандар саны бойынша әлемдік индексте үшінші орында болды. Соңғы онжылдықтарда пенитенциарлы жүйені реформалау бағытында нақты қадамдар жүзеге асырылып, оң нәтижелерге қол жеткізілді [4, 47-6]. Алайда адамның субъектілігі мен еркіндігі тек құқықтық реттеу аясында ғана емес, терең этикалық пайымдауды қажет ететін күрделі мәселе болып қала бермек. Осы мақалада қазақстандық пенитенциарлы жүйенің гуманизациясы халықаралық тәжірибе, әсіресе пробациялық қызмет призмасы арқылы сарапталды. Эмпирикалық зерттеу аясында бірқатар түзету мекемелерінде сотталғандармен сауалнама жүргізіліп, басым көпшілігі жағымды жауаптар бергенімен, кейбір маңызды түйткілдер де анықталды.

Сотталғандарды реабилитациялау мен ресоциализациялау – пенитенциарлы жүйенің гуманистік бағытындағы аса маңызды элементтерінің бірі. Мақалада британдық тәжірибедегі «Түрмедегі философия» бағдарламасына назар аударылды [5]. Бұл бастама сотталған азаматтардың өз өмірлік жолын тереңірек ұғынуға, сыни ойлау мен ішкі рефлексияны дамытуға көмектеседі. Мұндай әдістер адамды заң бұзған субъекті ретінде ғана емес, өзінің қателіктерін түсініп, жаңа өмірлік бағдар қалыптастыруға қабілетті тұлға ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Осы тектес тәжірибені Қазақстанда енгізу пенитенциарлы жүйені ары қарай гуманизациялауға елеулі үлес қосуы ықтимал.

Ұсынылған мақаланың мақсаты – пенитенциарлы жүйенің гуманизациялану үдерістерін халықаралық тәжірибе және қазақстандық эмпирикалық деректер негізінде философия және этика тұрғысынан талдай келе, инновациялық бастамалардың әлеуетін айқындау болып табылады. Бұдан келіп, бірнеше міндеттер жүйеленеді:

- Пенитенциарлы жүйенің философиялық-әлеуметтік табиғатын теориялық тұжырымдар, халықаралық құқықтық құжаттар негізінде талдау;

- Қазақстандық пенитенциарлы жүйенің қазіргі жағдайын, гуманизациялану динамикасын және пробациялық қызметтің рөлін эмпирикалық зерттеу нәтижелері арқылы бағалау;

- Британдық «Түрмедегі философия» бағдарламасы үлгісінде сотталған азаматтардың сыни ойлау дағдыларын, рефлексиясын және құндылықтық бағдарларын дамытуға бағытталған білім беру бастамаларын қазақстандық жағдайға бейімдеу мүмкіндіктерін ұсыну.

Мақалада көтерілген негізгі ой – құндылықтар трансформациясы аясында қазақстандық қоғамда пенитенциарлы жүйені гуманизациялауға ықпал ететін бастамаларды енгізу қажеттігін ілгерлету. Пенитенциарлы жүйе деген әділетті қоғамның айнасы болғандықтан, оның гуманизациясы тек құқық нормаларымен ғана емес, бүкіл азаматтық қоғамның рефлексиясы арқылы жүзеге асуы қажет.

Зерттеу әдістері

Мақаланы әзірлеу барысында жазалау және түзету мәселелерін философиялық тұрғыда талдауда феноменологиялық әдіс, Фуко мен Агамбен концепцияларын талдауда, сондай-ақ халықаралық (мысалы «Мандела ережелері») және қазақстандық нормативтік құжаттарды талдауда салыстырмалы әдіс қолданылды. Эмпирикалық зерттеу барысында түзету мекемелерінде анонимді сауалнама жүргізілді, деректер SPSS бағдарламасы арқылы өңделді, сандық және сапалық тұрғыда талданды. Гуманистік бағдарламалар туралы еңбектерді талдауда герменевтикалық әдіс қолданылды.

GPTChat және Deepseek сияқты AI платформалары арқылы әдебиеттерді жүйелі талдау және деректерді жинақтау жүргізілді. Жасанды интеллект құралдары халықаралық тәжірибелерді салыстыруда және негізгі тенденцияларды анықтауда көмекші құрал ретінде қолданылды. AI құралдары зерттеу барысында әдебиеттерге шолу жасауда, деректерді жүйелеуге және категориялары, гипотезаларды тексеруге, тілдік аудармаларды тексеруде пайдаланылды. Бұл кешенді әдіснама зерттеу пәнін толық қамтып, түзеу жүйесін гуманизациялау мәселелерін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері

Түрме институтының мәні. Әділетті қоғам құру идеясы әртүрлі мемлекеттерде түрлі тәжірибелер арқылы жүзеге асырылады, оның ішінде заң үстемдігін орнату маңызды рөл атқарады. Бұл тәжірибе, әсіресе, қылмыстармен күресу мен алдын алуға бағытталған. Қылмыстық әрекеттерді жазалау көбіне бас бостандығын шектеу немесе бостандықтан айырумен шешіледі, ал түрме мен оның баламалары әлем елдерінде кең таралған. Пенитенциарлы жүйелердің реформалануы билік пен азаматтық қоғамның бірлескен күш-жігерін талап етеді. Бұл жүйе қылмыстық жазаларды жүзеге асыратын факторлар кешенін қамтиды, оның ішінде түрме институты маңызды рөл атқарады [6]. Себебі, түрме институты қоғамның заң жүзінде қылмыс деп қабылдаған әрекет үшін релевантты жазаны жүзеге асыратын институт.

XVIII ғасырда еуропалық өркениетте түрменің әлеуметтік институт ретінде қалыптасуында оның негізгі мақсаты мен функциялары бекітілген болатын. Түрме қылмыскерді оқшаулау мен бақылау арқылы денені қатыгез жазалаудан немесе өлім жазасына жүгінбей, оны тәрбиелеп, жақсы жаққа қарай өзгертетін адамгершілікке негізделген балама болуы тиіс деп ұйғарылған. Содан бері түрме қылмыстық жазалауда барынша қолдау тапқан, сот төрелігінің қажеттіліктерін қанағаттандырудағы ең тиімді институт ретінде қызмет атқаруда [1, 285-6].

Негізінен, түрме институты әділеттілік туралы түсінікпен тығыз байланысты. Түрме – қоғамның өнегелік келбетін айқындайтын институт. Бұл институт шеңберінде «әділеттілік», «ар», «ұждан», «еркіндік», «кінә» сияқты ұғымдардың қыр-сыры тереңнен ашылады. Сондықтан, түрме жазалау алаңы ғана емес, құндылықтарды қайта айқындау, тұлғаның ресоциализациясы сияқты үрдістер жүзеге асатын кеңістік.

Түрме феномені туралы философиялық дискурстар. Түрме феноменінің философиялық мәнін ашқан француз философы Мишель Фуко «Қадағалау мен жазалау» еңбегінде түрмені биліктің көрініс алаңы деп қарастырады. Фуко бойынша, пенитенциарлық жүйе тек жазалау құралы емес, тәртіп пен бақылауды орнатудың ерекше механизмі. Билік қатаң жазалау емес, бақылау, нормализация және дисциплина арқылы жүзеге асырылады. Бұл механизмдер басқа қоғамдық институттарда да көрініс табады, бірақ түрмеде биліктің концентрациясы айқын байқалады. Фуко паноптикум концепциясын ұсына отырып, түрмеде жазалау тек физикалық емес, моральдық және психологиялық бақылауды да қамтитындығын талдаған [1, 189-6].

Азаматтарды тәрбиелеу мен қалыпқа келтіру әрекеттері нәтижелі болмауы мүмкін, себебі бақылау мен бағындыру тұлғаның өзіндік ерекшелігін жоюға әкелуі ықтимал. Заманауи түрмелерде цифрландыру мен бейнебақылау жүйелері енгізіліп, қылмыстарды болжау мен мінез-құлықтарды бақылаудың жаңа әдістері қолданылуда [7]. Бұл әдістер Фуконың концепциясындағы жаңа басымдықтармен сәйкес келеді. Заман

дамыған сайын, билік көзге көріне бермейді, бірақ билік механизмдері ары қарай кеңінен тарала береді.

Итальяндық философ Джорджо Агамбен өзінің «Homo Sacer: Егемендік және жалаң өмір» (1995) еңбегінде рим құқығынан алынған «homo sacer» (лат. – «киелі адам») ұғымын талдайды [2, 16-б.]. Автордың пайымдауынша, бұл деген – қоғамнан шеттетілген, «құқықтық қорғаудан айырылған», «өлтіруге болатын, бірақ құрбандыққа шалуға болмайтын» адам.

Агамбен егемен билікті талдай отырып, биліктің құқық тәртібіне кімнің еніп, кімнің шығарылатынын анықтайтынын айтады. Ол қазіргі бас бостандығынан айырылғандарды заманауи «homo sacer» деп сипаттайды. Бұл адамдар құқықтық қорғаудан айырылып, қоғамнан шеттетілген. Мемлекет авторитарлы болса, түрме азаматтың субъектілігін жоғалту алаңы болуы мүмкін. Агамбен заманауи пенитенциарлық жүйені XX ғасырдағы концлагерьлермен салыстырады, бұл жүйелерде адам азаматтық құқықтарынан айырылып, тек «жалаң өмір» (*nuda vita*) сүрген болатын [2, 108-б.].

Агамбеннің тұжырымдамасы бойынша, мемлекет қашан да «құқықсыз аймақтар» құруға «құқылы», мысалы, түрмелер мен мигранттар лагерлері. Фуко мен Агамбеннің пікірлері түйесі: Фуко биліктің сотталған азаматты дисциплина объектісі ретінде қалыптастыруына назар аударса [1], Агамбен билік жүйесінің азаматты құқық алаңынан шеттету қабілетін атап өтеді [2]. Бұл екі философтың ойлары түрме жүйесінің тек заңдық процедурадан емес, биліктің көрінісінен тұратынын көрсетеді. Егер түрмелер дегуманизация алаңына айналса, бұл биліктің әділетсіздігін білдіреді.

Әділетті қоғам құру үшін әлем мемлекеттері, оның ішінде Қазақстан үшін де түрме институтының заң үстемдігін сақтап, озбырлық алаңына айналмауы маңызды. Егер мемлекет әділетті қоғам орнатуды мақсат етсе, онда Фуконың «тотальді бақылау» мен Агамбеннің «қоғамнан шеттету» механизмдерін бәсеңдету қажет. Түрмелерде адам құқықтары мен құндылықтары қағидаларын күшейту маңызды, сонда бас бостандығынан айырылған азаматтар «homo sacer»-ге айналмай, субъектілігін сақтай алады. Түрме қызметіндегі маңызды қағида – сотталған азаматтардың бостандығы шектеулі болғанымен, олар басқа барлық құқықтарынан айырылмауы тиіс [3]. Қылмыс жасаған адамды бас бостандығынан айыру тек оның бостандығын шектеуді білдіреді, ал басқа құқықтарынан шектеуге болмайды.

Нельсон Мандела тәжірибесі және субъектіліктің сақталуы. Адамды физикалық тұрғыда оқшаулау немесе бас бостандығынан айыру әдетте оны тұлға ретінде басу деп қарастырылады. Алайда философиялық тұрғыда бас бостандықтан айырылу тек азап шегумен емес, рухани ерлікпен де сипатталады. Мысалы, Сократ өлім жазасына кесілгенде қашып кетуге мүмкіндігі болса да, ол өз ішкі ұстанымдарына берік қалуды таңдады [8, 34-б.]. Сондай-ақ, XX ғасырда Нельсон Ман-

дела түрмеде отырып, еркіндік тұжырымдамасын қалыптастырды және босатылған соң кек алудан бас тартып, инклюзивті қоғам құруды ұсынады [3]. Бұл тұрғыда Мандела ұстанымы Махатма Гандидің қиянатсыздық қағидаттарына негізделген сатьяграха концепциясымен үндеседі [10].

Әлеуметтік философия тұрғысынан Мандела қоғамның өнегелік келбеті оның осал топтарына деген қатынасы негізінде айқындалады деп санайды. Оның пікірінше, мемлекеттің түрмесін білмей, көрмей, сол елді таныдым деуге болмайды. Себебі елді жағдайы жақсы, қалыпты топтары, азаматтары арқылы емес, осал, жағдайы мүшкіл топтары, азаматтары арқылы таныған дұрыс [9]. Бұл тұжырым пенитенциарлы жүйенің мәнін айқындап, оның тек сотталған азаматтарды жазалау емес, сондай-ақ түзету және әлеуметтендіру функцияларын атқаратынын көрсетеді. Егер түрмелер деградация мен қатыгездіктің алаңына айналса, ол қоғамның моральдық дағдарысын бейнелейді. Мандела ұстанымы әлеуметтік философия, саяси философия, құқық философиясы мен этика тұрғысынан әділеттілік, адам құндылығы және қоғамды бағалау критерийлерін өзектендіреді.

Пенитенциарлық жүйенің гуманизациясы тұрғысынан Мандела ұстанымы ерекше маңызды. Өйткені түрме институты жазалау механизмі ғана емес, тұлғаның саналы түрде қайта түзелу кеңістігі ретінде қызмет етуі тиіс. Оның тәжірибесіне сәйкес, түрме сотталған азаматтарға өз қадірін сақтап, әрекеттерін түсініп, қайта түзеліп, дамуға мүмкіндік беруі керек. Мандела ұстанымы бойынша, түрме құқықтық жүйенің тексерістен өтетін өлшемі бола отырып, егер ол сотталғандарды қорлап, зәбірлеуге бағытталса, онда бұл жүйе адамның қадір-қасиетін құндылық ретінде қарастырмайды деп түсініледі. Нельсон Манделаның тәжірибесі еркіндік тек саяси немесе құқықтық нормалармен реттелетін категория емес, адамның онтологиялық және моральдық жай-күйі екенін көрсетеді. Адам бас бостандығынан айырылса да, ішкі автономиясын сақтап, төзімділік танытып, жаза ұғымына гуманистік ұстаным қалыптастырды. Бұл тәжірибе пенитенциарлық жүйенің, оның ішінде қазақстандық жүйенің реформалануына, адамның тұлғалық ерекшелігін сақтайтын және түзетуге бағытталған институт ретінде трансформациялануына ықпал етеді.

Қазіргі таңда әлем мемлекеттерінде Нельсон Мандела жеке өмірлік тәжірибесі ресми құжат ретінде «Сотталғандармен жұмыс істеудің минималды ережелері», яғни «Нельсон Мандела ережелері» ретінде бекітілген [3]. Бұл ережелер бас бостандығынан айырылған азаматтарға қатысты ізгі қатынастарды қалыптастыру стандарттарын бекітетін ресми құжат. 1955 жылы алғаш қабылданған Ережелер 2015 жылы қайта қаралып, жаңартылып, сол уақыттан бері «Мандела ережелері» деп атала бастады. 2015 жылғы редакцияда адам құқықтары жөніндегі терминология нақтыланып, сотталған азаматтарға қатысты адамгершілікке жатпайтын азаптау мен қатыгез қатынастардың алдын алуға бағытталған норма-

лар енгізілді. Сонымен қатар, түрмелерде тәуелсіз мониторинг жүргізу мүмкіндігі қарастырылып, регламенттері нақтыланды [3].

Мандела ережелері әлем мемлекеттері үшін пенитенциарлы жүйе реформаларын жүзеге асыруда ерекше мәнге ие. Ережелер сотталған азаматтарға деген қатынаста қалыптасып қалған қатыгез нормаларды жақсартуға және түрмелерде адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Көптеген елдерде бұл ережелер ұлттық заңнаманы ілгерілетіп, пенитенциарлы жүйенің гуманизациясын регламенттеу үшін негіз ретінде қолданылады. Мандела ережелері, сонымен қатар, Қазақстанда пенитенциарлық жүйені ізгілендіруде шешуші рөл атқарады және бас бостандығынан айыру мекемелерінде адам құқығы мен қадір-қасиетін қамтамасыз ету үшін бағдар ретінде қызмет етеді [11].

Түрме мекемелеріндегі философия. Қазіргі әлемде жоғары бағаланған пенитенциарлы жүйедегі реабилитациялық бағдарламалардың ішінде Кирстин Шеффристің «Philosophy Behind Bars: Growth and Development in Prison» жобасы ерекше маңызды. Шеффристің пікірінше, түрмелердегі реабилитациялық бағдарламалар адамның тұлғалық ерекшелігін құрметтеп, оның дамуына бағытталуы тиіс. Түрмеде мұндай қағидалардың жүзеге асуы қиын болса да, Шефрис ауыр қылмыстар үшін ұзақ мерзімге сотталған азаматтар арасында философиялық дискуссиялар өткізуді ұсынды. Бұл сабақтарда сотталғандарға адам, қоғам, құндылықтар мен моральдық дилеммалар туралы философтардың көзқарастары талқыланды. Бұл деген сотталғандардың тұлғалық өзгеруіне және жазалаудың альтернативті әдістеріне деген ынта тудырды [5].

Шеффристің жобасы сотталған азаматтардың дүниетанымын қайта қарастыруға ықпал етеді, оларға өздерінің көзқарастарын жүйелеуге, өзін-өзі түсінуге және бірін-бірі тануға мүмкіндік береді. Бағдарлама барысында қатысушылар өздерінің тілдік қорларын байытып, басқа біреудің пікірімен санасу мәдениетін үйренеді, әрі кейбіреулері өздерінің сөйлеу мәдениетін өзгертуге, мейірімді нарративтер қолдануға дағдыланған. Шеффристің пікірінше, бұл бағдарлама адамның дүниетанымдық картинасын гуманизациялап, адамгершілік құндылықтарды ілгерілетуге ықпал етеді, сотталғандардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Шефрис ұсынған оңалту тәжірибесін қазақстандық пенитенциарлы жүйеге енгізу сотталған азаматтарға дүниетанымын кеңейтуге және құндылықтық ұстанымдарын трансформациялауға ықпал етуі мүмкін [5].

Нәтижелерді талқылау

Пенитенциарлы жүйе трансформациясын талдау: халықаралық тәжірибе. Өркениетті әлемде түрме жазасы тек ашық және тиісті көлемде жүзеге асырылуы тиіс деген түсінік бекітілген [4, 55-6.]. Заманауи қоғамда түрме институтының қызметі ашық болып, қоғамдық бақылау еркіндігі туралы дискурстар жиі талқыланады. Мұның мақсаты түрменің ашықтығын жүзеге асырып, жабық қоғамға қарсы тұру. Түрме институтының жабықтығы мемлекеттік билік идеологиясындағы

қатыгез ұстанымдармен сәйкес келуі мүмкін, бұл өз кезегінде азаматтық қоғамның дамуына кедергі келтіреді. Егер түрме тек жазалау мақсатында жұмыс істесе, онда адам атаулыға орын жоқ, барлығы тегіс қылмыскерлер. Түрмеде тәртіп сақталмаса, онда бейберекет тарап, тұлғаның сағымын сындыра алатын өзбырлықты жүзеге асыратын алаң қалыптасады [12].

Пенитенциарлы жүйенің халықаралық тәжірибесіне қарағанда, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Батыс Еуропада түрме контингентінің динамикасы 2000-шы жылдардың басына дейін көбейіп, кейін тұрақталды, ал шығыс Еуропа елдерінде бұл процесс тұрақсыз болып қалды. Посткеңестік елдерде 2000-шы жылдардан бастап түрме контингенті азайып келеді [13, 9-б.]. 1990 жылдардың басы пенитенциарлы жүйені зерттеуде прогрессивті кезең болып саналады, сол кезден бастап пенитенциарлы жүйені реформалау мен реабилитациялық бағдарламаларға назар аударылды. Түрме мекемелері ашық саясатқа бейімделіп, «түзету мекемесі» ретінде қайта атала бастады, ал түрме кеңістігі адамдардың мінез-құлықтарын және психологиялық өрескелдіктерін түзету үшін әлеуметтік бастамаларды іске асыру алаңы ретінде қарастырылды [14].

Көптеген мемлекеттердің конституцияларында және халықаралық құқықтық құжаттарда жеке бас бостандығы негізгі құқықтардың бірі ретінде мойындалады. Осыған қоса, тұлға еркіндігі моральдық-этикалық және құқықтық мәнімен қатар, экономикалық аспектілерге де ие. Мысалы, сотталған азаматтар санының артуы және түрме контингентінің өсуі экономикалық тұрғыда мемлекеттер үшін күрделі мәселелерге айналу-да. Сондықтан халықаралық тәжірибеде заңды шешімдердің рационалды тәсілдері мен жазалаудың альтернативті түрлеріне басымдық беру ұсынылуда [4, 86-б.].

Пенитенциарлы жүйе гуманизациясы әр түрлі мемлекеттердің тәжірибесінде көрініс тауып келеді. Мысалы, Норвегия түрмелері жазалауға емес, реабилитацияға бағытталғандықтан, әлемде рецидивизмнің ең төменгі деңгейімен танымал. Ал Нидерландыда жазалаудың альтернативті тәсілдері түрме контингентінің елеулі түрде азаюына және кейбір түрме мекемелерінің жабылуына себеп болды [13, 15-б.]. Қазіргі кезде пенитенциарлы жүйе бойынша зерттеулерде нақты бір доминантты позицияны бөліп алу қиын, бірақ жазалаудың әртүрлілігі мен түрме институтының мақсатына қарамастан, альтернативті тәсілдерге басымдылық беруге назар аударылуда.

Каролин Диди «Сотталу мен рецидивизм: шетелдік тәжірибе» баяндамасында Германия, Нидерланды, Норвегия елдеріндегі ресоциализация мен реабилитация бағдарламаларын сараптай келе, рецидивизм профилактикасы мәселесін зерттейді [15]. Зерттеушілер арасында ресоциализация бағдарламалары мен рецидивизмнің төмендеуі арасындағы байланысқа қатысты әртүрлі пікірлер бар. Дегенмен, Диди ресоциализация бағдарламаларының рецидивизм деңгейін төмендететінін қолдайды. Бұл бағдарламалар пенитенциарлы жүйенің пробация қызметімен жүзеге асырылады. Заманауи пенитенциарлық жүйеде пробацияның

әлеуметтік-саяси маңызы артып, оның бірнеше кезеңі бар: сотқа дейінгі, сот барысындағы және постпенитенциарлы пробация [13, 4-6]. Тұлғаның реабилитациясы мен ресоциализациясы осы жүйенің негізгі мақсаттары болып табылады, ал қылмыс жасаған адамның өзгеруге құқығы бар.

Пенитенциарлы жүйенің гуманизациясына қатысты бастамалар кезінде қоғамдық пікір, саяси басымдылықтар мен қаржылық шектеулер секілді мәселелер туындайды. Алайда, ресоциализация мен реабилитация бағдарламаларының қоғам тарапынан қолдау тауып, бірлесе жүзеге асырылуы тыңғылықты нәтижелерге жеткізуі мүмкін. Пенитенциарлы жүйенің гуманизациясы теориялық зерттеулер мен практикалық бастамалар арқылы жүзеге асып, нақты нәтиже бере алатын қол жетімді мақсат ретінде қарастырылады. Рецидивизмнің төмендеуі қоғамның қауіпсіздігі мен әділетті дамуына ықпал етеді.

Пенитенциарлы жүйе трансформациясын талдау: қазақстандық тәжірибе

XX ғасырда Кеңес үкіметінің мәжбүрлі көші-қон, саяси қуғын-сүргін саясаты салдарынан Қазақстан «ГУЛАГ» деп танымал болып, КСРО ХІК (КСРО кезіндегі Халық ішкі істер комиссариаты) түзеу-еңбек лагерлерінің бас басқармасына қарасты түзету мекемелерінің шоғырланған жеріне айналды. Кеңестік кезеңде әрбір жетінші сотталған азамат Қазақстанда жазасын өтеді, бұл Қазақстанның әлемдік түрме рейтингісінде АҚШ пен Ресейден кейін үшінші орынға шығуына ықпал етті [4, 152-б.]. Кеңес Одағының ыдырауынан кейін Қазақстанның егемендігін алуы пенитенциарлық жүйені реформалау қажеттілігімен ұласты. Қазіргі сараптамаларға сәйкес, соңғы онжылдықтарда Қазақстанның пенитенциарлық жүйесі әлемдік стандарттарға жақындап келеді [4]. Нельсон Мандела ережелерінің қазақстандық заңнамаға имплементациялануы бұл бағыттағы маңызды қадамдардың бірі болып саналады.

ҚР Президенті Қ. Тоқаев өз баяндамаларында қылмыстық-түзету жүйесін реформалау қажеттілігін, сотталған азаматтармен түзету мекемелеріндегі қарым-қатынастарды ізгілендіру, жазалаудың альтернативті тәсілдерін кеңейту мәселелеріне бірнеше рет тоқталған [4]. 2025 жылы наурызда өткен төртінші Құрылтайда Президент қылмыстық-атқару жүйесінің басты мақсаты сотталған азаматтарды жазалау емес, түзету болуы тиіс деген пікірін білдірді [16]. Ол құқық қорғау органдарына бұл мәселені байыппен қарап, нақты ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

Қазақстанда соңғы жылдары пенитенциарлық реформалар нәтижесінде түрме контингенті айтарлықтай азайды. Мысалы, 2012 жылы түзету мекемелерінде 57 мыңға жуық сотталған болса, 2021 жылы бұл сан 30 мыңға дейін төмендеді [4]. Бұл адам құқықтарын қорғау механизмдерінің күшеюі мен айыптау қадамдарының әлсіреуіне байланысты, сондай-ақ қатаң шаралар ауыр қылмыстар үшін, ал жеңіл қылмыстар үшін жұмсақ жазалар қолданылуына байланысты болып отыр.

Қазақстанда пенитенциарлық жүйедегі әлемдік тәжірибені ескере отырып, сотталған азаматтардың жеке камераларда жазасын өтеуі

қамтамасыз етілуде. Қазіргі таңда Қазақстанда 9 колония жеке камера-ларда жазасын өтей алатын жүйені іске асырып, онда 4 мыңға жуық азамат жазасын өтеп жатыр [4].

2017 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасының «Пробация туралы» Заңы күшіне енді [17]. Зерттеулер бойынша, Қазақстан әлемде пробацияның барлық төрт деңгейін қабылдап, жүзеге асырған төртінші мемлекет. Бұл деңгейлер сотқа дейінгі пробация, үкім шығару барысындағы пробация, пенитенциарлы пробация және постпенитенциарлы пробацияны қамтиды. Бұл кезеңдердің барлығында, сотталу кезеңі аяқталған соң, пробация қызметінде тіркеудегі азаматтармен түзету және бейімдеу жұмыстары жалғасып, оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету мүмкіндіктері қарастырылған. Сонымен қатар, қазақстандық пенитенциарлы мекемелерде сотталған азаматтарға әлеуметтік, құқықтық және психологиялық көмек түрлері жақсарып келеді [4].


Цифрландыру үрдістері әлем бойынша қарқынды жүріп жатыр. Цифрландыру технологиялары қазақстандық пенитенциарлы жүйеге де енгізілуде. Бұл технологиялар сотталған азаматтарға өтініш беру, туыстарымен байланыс орнату, сақтау және басқа да мүмкіндіктерді береді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, қазіргі таңда қазақстандық мекемелерде үздіксіз бейнебақылау енгізілуде және электронды дүкендер арқылы қажетті тауарлар мен өнімдер сатып алынады [4]. Дегенмен, пенитенциарлық жүйені реформалауда әлі де шешімін таппаған мәселелер бар. Кеңес кезеңінен қалған ескі ғимараттар, барак типтес құрылымдар қазіргі күні әбден тозған, өмір сүру жағдайлары нашар. Бұл мәселелер қаржыландыру мен саяси шешім қабылдауды талап етеді.

Қазақстандық түзету мекемелеріндегі жүргізілген зерттеу нәтижелері.

Пенитенциарлы жүйе гуманизациясы – мемлекеттің қылмыстық-атқару саясатын дамытудың негізгі бағыты. Бұл бағыт әділетті қоғам қалыптастыруға, қиянатсыз қағидаларды іс жүзінде жүзеге асыруға негізделеді. Зерттеулер көрсеткендей, пробациялық қызметтің тиімділігі – пенитенциарлы жүйені ізгілендірудің маңызды көрсеткіші. Қазақстанда пробация жүйесіне қатысты заңнамалар қабылданып, жүйелі іс-шаралар жүргізілуде. Осыны нақтылау мақсатында АР19175950 «Қазіргі қазақстандық қоғам және гуманистік қағидалардың трансформациясы» ғылыми жобасы аясында ҚР ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетімен бірлесе отырып, еліміздегі бірнеше түзету мекемелерінде сотталғандар арасында пилоттық сауалнама жүргізілді.


Сауалнамаға Абай, Алматы, Қарағанды, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласындағы 1756 сотталған азамат қатысты.

1-диаграмма. Қазақстан өңірлері бойынша сауалнамаға қатысқандар туралы жалпы мәліметі




Олардан пробациялық қызметтің тиімділігі мен бейімделу мүмкіндіктері жайлы ақпарат алынды. Нәтижелерге сәйкес, жалпы алғанда, 74,8% респондент қызметкерлердің оларға деген оң көзқарасын атап өтті. Өңірлік бөліністе оң пікірлердің үлесі Алматы (100%), Қарағанды (98,5%) және Түркістан (99%) облыстарында жоғары болса, Алматы қаласы (35%), Абай (32,7%) және Шығыс Қазақстан (41,3%) облыстарында төменірек көрсеткіштер тіркелді. Бұл өңірлік айырмашылықтар пробациялық қызмет пен бейімделу тетіктерінің әр аймақта түрлі деңгейде жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді.

2-диаграмма. Сіз түзету мекемесіне алғаш келген кезде бейімделу мәселелерін шешуде қызметкерлерден қандай да бір көмек/қолдау алдыңыз ба?



Пенитенциарлы жүйе гуманизациясы аясында сотталған азаматтардың шағымдану және өтініш беру мүмкіндігі маңызды фактор. Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің 73,9%-ы бұл процесте ешқандай кедергінің жоқ екенін айтқанымен, егде жастағы (61 жас және одан жоғары) сотталғандардың 21,7%-ы қиындықтарды атап өтті. Бұл көрсеткіш орта жастағылармен салыстырғанда екі есе жоғары. Өңірлік деңгейде шағым беру қолжетімділігі Алматы қаласы (100%), Қарағанды (97,5%), Түркістан (99,5%) облыстарында жоғары. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан сотталғандардың 41,7%-ы электронды өтініштерді қажет етпейтінін мәлімдеген, бұл олардың цифрлық сауаттылығының төмендігін немесе сенімсіздігін көрсетеді.


3-диаграмма. Сіз өтінімдерді электронды түрде жіберу құқығын пайдаланасыз ба?



Сотталған азаматтардың ресоциализациясы түзету мекемелері қызметкерлерінің қарым-қатынасымен тығыз байланысты. Респонденттердің 72,8%-ы қызметкерлердің жағымды көзқарасын атап өткен. Алайда, бұл көрсеткіш Абай (29,8%), Алматы (32,5%) және Шығыс Қазақстан (38,2%) облыстарында салыстырмалы түрде төмен. Сонымен қатар, 6,3%-ы оларға деген сыйластық қарым-қатынас бар екенін нақтыласа, 1,9%-ы ондай қарым-қатынас мүлдем болмағанын айтты.

Тағы бір маңызды мәселе – түзету мекемелерінде сотталғандардың бір-біріне қысым көрсетуі: 6,5% мұндай жағдайлар кездесетінін растады, әсіресе Алматы қаласы мен облысында бұл көрсеткіш жоғары. Егде жастағылардың 9,1%-ы және қайта сотталғандардың 30,4%-ы қысым көргендерін айтқан. Бұл фактілер түзету мекемелерінде қауіпсіздік шараларын күшейтуді және кадр саясатын жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

4-диаграмма. Сізге түзету мекемесінде басқа сотталғандар қысым көрсеткені болды ма?



Пенитенциарлы жүйеде пробация қызметі арқылы жүзеге асырылатын ресоциализация сотталған азаматтарды бостандыққа дайындаумен тығыз байланысты. Сауалнамаға сәйкес, респонденттердің 67,5%-ы түзету мекемелерінің қызметкерлері бұл бағытта көмек көрсететінін атап өтсе де, Абай (53,5%), Алматы (53,8%) және Шығыс Қазақстан (58,4%) облыстарында теріс жауаптардың үлесі жоғары болды. Қалыпты өмірге қайта оралуда жұмысқа орналасу (68,3%) жағынан көмекке сенім жоғары болғанымен, тұрғын үй (22,8%), жәрдемақы (20,7%), қаржылық қолдау (17,8%) және білім алу (18,7%) бойынша көрсеткіштер айтарлықтай төмен. Сонымен қатар, респонденттердің жартысынан көбі әлеуметтік бейімделу

сұрақтарына жауап беруден бас тартқан, бұл олардың болашаққа деген сенімсіздігін білдіруі мүмкін.

1-кесте. Сіз бұл түзету мекемесінен босатылғаннан кейін Сізге келесі мәселелерді шешуге көмектесе алатын қызметкерлерді білесіз бе?

	Иә %	Жоқ %	Маған керек емес, %	Жауап беруге қиналамын, %
Еңбекке орналасу	68,3	19,6	7	5,1
Тұрмыс үй	22,8	17,4	6,9	52,9
Жәрдемақылар	20,7	19,2	6,9	53,1
Қаражат	17,8	22,2	6	53,9
Білім	18,7	17,3	7,7	56,2
Есірткі және алкоголь	2	32,1	8,7	57,3

Сонымен, қазақстандық пенитенциарлы жүйеде пробациялық қызметті жетілдіру бағытында халықаралық тәжірибелер енгізіліп жатқанымен, сотталған азаматтарды ресоциализациялау саласында шешімін таппаған мәселелер мен сын-тегеуріндер әлі де сақталуда. Жүргізілген анонимді сауалнама жалпы жағымды жауаптардың басымдығын көрсетті, алайда бұл мәліметтер қызметкерлердің қадағалауымен алынғандықтан, респонденттердің шаблонды жауап беруге бейімділігін де жоққа шығармайды. Бұл сотталғандардың бостандықтан шеттетілуінің, сенімсіздік пен өзіндік пайымдаудың шектелуінің көрінісі болуы мүмкін. Ресоциализация тек ресми бағдарламалар арқылы ғана емес, азаматтың өз мән-жайын түсініп, өткенін бағамдауымен қатар жүруі қажет. Сотталған адам пробация объектісі ғана емес, сол үдерістің белсенді субъектісі болуы тиіс. Бұл жолда өмірлік құндылықтарды қайта қарастырып, болашақты саналы тұрғыда жоспарлау маңызды. Мұндай сыни рефлексияны ілгерлету тәжірибелері, мысалы, британдық пенитенциарлы жүйеде жүзеге асырылып келеді [5].

Қорытынды

Қоғамның гуманизациясы оның институттарының трансформациясымен тікелей байланысты, ал пенитенциарлы жүйенің жай-күйі сол қоғамның әділеттілік пен адамгершілік деңгейінің көрсеткіші. Ұсынылған мақалада көтерілген сұрақтар, талқыланған мәселелер бойынша келесідей түйіндер жасауға болады:

- Фуко мен Агамбеннің түрме институтын философиялық тұрғыдан талдауы қазіргі қазақстандық болмыс үшін өзекті болып қала береді. Түрмелердегі азаптау тәжірибелері, сотталғандардың бір-біріне немесе қызметкерлерге қатысты шағымдары жеке «ыңғайсыз мәселелер» ғана емес, қоғамдағы әділеттілік пен адамгершіліктің нақты индикаторлары.

- Жазалаудың балама әдістерін кеңейту (пробация, қоғамға қызмет, түзету бағдарламалары) қоғамның жалпы гуманизациясына оң ықпал етіп қана қоймай, экономикалық тұрғыдан да тиімді болады.

- Зерттеу жүргізілген түзету мекемелерінде сауалнамалар анонимді болғанымен, қылмыстық-атқажүйесі қызметкерлерінің қатысуы жауаптардың шынайылығына ықпал етуі мүмкін. Бұл фактор пенитенциарлы жүйеге және жалпы мемлекеттік институттарға деген сенімнің төмендеу қаупін күшейтеді.

- Қазақстанда пробациялық қызмет заңнамалық деңгейде бірнеше кезеңмен бекітілгенімен, сотталған азаматтар пробацияның объектісі емес, толыққанды субъектісі ретінде танылуы тиіс. Бұл реабилитация мен ресоциализацияның гуманистік қағидаттарына сәйкес келеді. Осыдан келіп, келесідей ұсыныстар жасауға болады:

- Ресоциализация және реабилитация бағдарламаларын кеңейту, оларда құқықтық нормалармен бірге шығармашылық, тұлғалық дамуға бағытталған тәсілдерді күшейту қажет;

- Пробация және түзету жұмыстарына әр түрлі сала мамандарын тартуға болады. Мысал үшін, философия кафедраларымен серіктестік орнатуға болады. Бұл тәсіл рецидивтер деңгейін азайтуға және сотталғанның саналы субъект ретінде қалыптасуына ықпалдаса алады.

- Пенитенциарлы жүйені ашықтық қағидаттарына жақындату керек. Бұл мониторингтік топтардың, құқық қорғаушы ұйымдардың және азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуын жүйелі түрде қамтамасыз етуді талап етеді.

- Британдық «Түрмедегі философия» бағдарламасын қазақстандық жағдайға бейімдеп енгізуге болады. Бағдарлама айтарлықтай қаржылық ресурстарды қажет етпей, сотталғандардың дүниетанымын, құндылықтарын және рефлексия қабілеттерін күшейту жолында жоғары нәтижелер беруі мүмкін.

Жалпы, пенитенциарлы жүйенің жай-күйі деген - қоғамның құқықтық мәдениеті мен гуманистік деңгейінің басты өлшемі. Сондықтан оның ашықтығы мен қоғамға есептілігі өркениетті елдерге тән базалық талап деп түйіндеуге болады.

Қаржыландыру: *Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруы бойынша АР19175950 «Қазіргі қазақстандық қоғам және гуманистік қағидалардың трансформациясы» ғылыми жобасын орындау аясында дайындалған.*

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Фуко М. Надзирать и наказывать. Рождение тюрьмы / Пер. с фр. В. Наумова под ред. И. Борисовой. – М.: Ad Marginem, 1999. – 480 с.
2. Агамбен Дж. Homo sacer. Суверенная власть и голая жизнь / Пер. с ит. Н. М. Лебедева. – М.: Издательство «Европа», 2011. – 256 с.
3. Минимальные стандартные правила Организации Объединенных Наций в отношении обращения с заключенными (Правила Нельсона Манделы) // <https://www.refworld.org/ru/reference/themreport/unga/2015/ru/107512> (қаралған күні: 25.02.2025).
4. Сборник материалов онлайн-форума «Пенитенциарная система в новой реальности» // https://cdn.penalreform.org/wp-content/uploads/2021/08/Kazakhstan-Forum-Report_Russ.pdf (қаралған күні: 03.03.2025).
5. Szifris K. Philosophy Behind Bars: Growth and Development in Prison // Bristol University Press, 2021. – 264 с.
6. Санасыров Н.Т., Сулейменов М.А. Состояние пенитенциарной системы в Казахстане: история и современность // Вестник Инновационного Евразийского университета. – 2020. – № 3(79). – С. 45–53.
7. Digital rehabilitation in prisons / United Nations Interregional Crime and Justice Research Institute. – Турин: UNICRI, 2024. – 110 с.
8. Антика дәуірі философия үлгілерінің қазақ тіліндегі аударма мұрасы / ғыл. ред. Қ. Әбішев; құраст.: Қ. Әбішев, М. Сәбит, Б. Рақымжанов. – Астана: Аударма, 2009. – 396 б.
9. Мандела Н. Долгая дорога к свободе. Автобиография узника, ставшего президентом / пер. с англ. – Москва: Эксмо, 2022. – 832 с.
10. Ганди М. Революция без насилия / пер. с англ. В. Рынкевича; под ред. С.В. Чертопузда. – Москва: Алгоритм, 2020. – 512 с.
11. Минимальные стандартные правила Организации Объединенных Наций в отношении обращения с заключенными (Правила Нельсона Манделы) // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/O1500000005> (қаралған күні: 05.03.2025).
12. Coppola F. Humanizing Prison through Social Neuroscience: From the Abolition of Solitary Confinement to the Pursuit of Social Rehabilitation // Routledge, 2020.
13. Овсянникова А., Россман Э. Пенитенциарные системы и пенитенциарные реформы в зарубежных странах: аналитический обзор. – М.: Центр стратегических разработок, 2017. – 44 с.
14. Durham A. M. III. Crisis and Reform: Current Issues in American Punishment. – Boston: Little, Brown and Company, 1994. – 394 p.
15. Deady, C. W. Incarceration and Recidivism: Lessons from Abroad // <https://salve.edu/document/incarceration-and-recidivism-lessons-from-abroad> (қаралған күні: 11.03.2025).
16. Токаев К.-Ж. Выступление на четвёртом заседании Национального курултая // <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulattyk-kuryltaydyn-tortinshi-otrysynda-soylegen-sozi-14242> (қаралған күн: 16.03.2025).
17. Закон Республики Казахстан «О пробации» // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z16000000038> (қаралған күні: 15.03.2025).

REFERENCES:

1. Fuko M. (1999) Nadzirat' i nakazyvat'. Rozhdenie tiur'my [Discipline and Punish: The Birth of the Prison]. Moscow: Ad Marginem, 480 (in Russian).
2. Agamben Dzh. (2011) Homo sacer. Suverennaya vlast' i golaya zhizn' [Homo Sacer: Sovereign Power and Bare Life]. Moscow: Evropa, 256 (in Russian).
3. United Nations. (2015) United Nations Standard Minimum Rules for the Treatment of Prisoners (Nelson Mandela Rules) // <https://www.refworld.org/ru/reference/themreport/unga/2015/ru/107512> (accessed: 25.02.2025).
4. Penal Reform International. (2021) Sbornik materialov onlain-foruma "Penitentsiarnaya sistema v novoi real'nosti" [Proceedings of the Online Forum "Penitentiary System in a New Reality"] // https://cdn.penalreform.org/wp-content/uploads/2021/08/Kazakhstan-Forum-Report_Russ.pdf (accessed: 03.03.2025).
5. Szifris K. (2021) Philosophy Behind Bars: Growth and Development in Prison. Bristol: Bristol University Press, 264 (in English).
6. Sanasyrov, N.T., & Suleimenov, M.A. (2020) Sostoianie penitentsiarnoi sistemy v Kazakhstane: istoriia i sovremennost' [The State of the Penitentiary System in Kazakhstan: History and Modernity]. Vestnik Innovatsionnogo Evraziiskogo Universiteta, No. 3(79), 45–53 (in Russian).
7. UNICRI. (2024) Digital Rehabilitation in Prisons. Turin: United Nations Interregional Crime and Justice Research Institute, 110 (in English).
8. Abishev Q., Sabit M., Raqymzhanov B. (2009) Antika dauiri filosofiya ulgilirini qazaq tilindegi aударma mұрасы [Philosophical Heritage of Antiquity Translated into Kazakh]. Astana: Audarma, 396 (in Kazakh).

9. Mandela N. (2022) *Dolgaya doroga k svobode: Avtobiografiia uznika, stavshego prezidentom* [Long Walk to Freedom: The Autobiography of a Prisoner Who Became President]. Moscow: Eksmo, 832 (in Russian).
10. Gandhi M. (2020) *Revoliutsiia bez nasiliia* [Revolution Without Violence]. Trans. by V. Rynkevich, ed. by S.V. Chertoprud. Moscow: Al'goritm, 512 (in Russian).
11. United Nations. (2015) United Nations Standard Minimum Rules for the Treatment of Prisoners (Nelson Mandela Rules) // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/O1500000005> (accessed: 05.03.2025).
12. Coppola F. (2020) *Humanizing Prison through Social Neuroscience: From the Abolition of Solitary Confinement to the Pursuit of Social Rehabilitation*. Routledge (in English).
13. Ovsianinnikova A., Rossman E. (2017) *Penitentsiarnye sistemy i penitentsiarnye reformy v zarubezhnykh stranakh: Analiticheskii obzor* [Penitentiary Systems and Reforms in Foreign Countries: Analytical Review]. Moscow: Center for Strategic Research, 44 (in Russian).
14. Durham A. M. III. (1994) *Crisis and Reform: Current Issues in American Punishment*. Boston: Little, Brown and Company, 394 (in English).
15. Dedy, C. W. (2014) *Incarceration and Recidivism: Lessons from Abroad* // <https://salve.edu/document/incarceration-and-recidivism-lessons-from-abroad> (accessed: 11.03.2025).
16. Tokaev K.-Zh. (2025) *Vystuplenie na chetvertom zasedanii Natsional'nogo kurultai* [Speech at the Fourth Session of the National Kurultai] // <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-tortinshi-otyrysyzda-soylegen-sozi-14242> (accessed: 16.03.2025).
17. Kazakhstan (2016) *Zakon Respubliki Kazakhstan "O probatsii"* [Law of the Republic of Kazakhstan "On Probation"] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000038> (accessed: 15.03.2025).

Мақаланың редакцияға түскен күні: 10-04-2025

Мақаланың жарияланған күні: 19-12-2025